

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Алматы қ.

№107

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Рахманов Темирбек Ануарбекович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП "Бопежанова", Талон № KZ7TWQ00397205 негізінде әрекет ететін Басшы Бопежанова Алданыш Калыевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бап 3-тармақ 42-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 260 755.00 (бір миллион екі жүз алпыс мың жеті жүз елу бес тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.



## 2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

## **3 Тараптардың міндеттемелері**

### 3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге



9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

- 4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.



4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген



талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

5.5 Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме не уәкілетті ұйым бекіткен «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі. Осы тармақшаның талаптары мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады, оның құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асады.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген



мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2019-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара



бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының



заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бқөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Алматы қаласы Білім басқармасының  
"Алматы автомеханика колледжі"  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорны  
г.Алматы, Казыбаева, 270  
БСН 990440002004  
БСК КСЖВКЗКХ  
ЖСК KZ108560000005891981  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.: 2271057  
Басшысы Рахманов Темирбек  
Ануарбекович

Өнім беруші:

ИП "Божежанова"  
г.Алматы, МКР.КАЗАХФИЛЬМ, 15  
БСН/ЖСН 650212401686  
БСК КСЖВКЗКХ  
ЖСК KZ948562204104748937  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.: 7017663898  
Басшы Божежанова Алданыш Калыевна



Абревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Салқындатушы сұйықтық	ішкі жану қозғалтқыштарын және басқа да жылу алмасу аппараттарын салқындатуға арналған	Ішкі жану қозғалтқыштарын салқындатуға арналған антифриз (жасыл)	Литр	150	575.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (150)	0	86 250.00



Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Моторлық май	бензинді қозғалтқыштарға арналған, минералды, барлық маусымға арналған	Бензин қозғалтқыштары үшін мотор майы, минералды, көп сатылы	Литр	200	750.00	течение 15 календарных дней после подписание договора	течение 15 календарных дней после подписание договора	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (200)	0	150 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Түп	ағаштан жасалған, күрекке арналған	Түп ағаштан жасалған, күрекке арналған, дм 20	Дана	50	570.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (50)	0	28 500.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Өздігінен кескіш	мырышпен қапталған, алты қырлы бастиекпен	Мырышталған бұранда, металға арналған.	Бума	25	2 000.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (25)	0	50 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тестер	шылдырлатуға арналған	Кернеуді, токты өлшеуге және тізбектің тұтастығын тексеруге арналған электр сынағы	Дана	2	10 950.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (2)	0	21 900.00



Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Өнеркәсіптік қоңырау	электрлі	Оқу орнына арналған қоңырау	Дана	7	35 800.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (7)	0	250 600.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Желім	кафельді	Кафельге арналған клей	Килограмм	125	130.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (125)	0	16 250.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Қолғаптар	қолды қорғауға арналған, резеңкелі	Қолды қорғауға арналған, резеңкелі қолғаптар	Жұп	50	500.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (50)	0	25 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Диспенсер	сұйық сабынға арналған	Сұйық сабынға арналған керегеге ілетін диспенсер, Көлемі 500-800мл	Дана	10	3 000.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (10)	0	30 000.00



Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Өзек	ойма құлыбына арналған	Ойма құлыбына арналған өзек	Дана	20	2 250.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (20)	0	45 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Базальт-пластикалық құбыр	ішкі диаметрі 200 мм	Ағынды суларға арналған пластикалық құбыр, ішкі диаметрі 200 мм	Метр	70	1 500.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (70)	0	105 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Бұрып жіберу	полиэтиленді, диаметрі 200 мм	Полиэтиленді отвод, диаметрі 200 мм	Дана	35	2 500.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (35)	0	87 500.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Араластырғыш	жуғыштарға арналған, бір тұтқалық, борттық, өлшемі 180*130 мм	Смеситель жуғыштарға арналған, бір тұтқалық, борттық, өлшемі 180*130 мм	Дана	20	2 750.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (20)	0	55 000.00



Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Беріліс қорабының фланеці	жүк автомобилі үшін	Беріліс қорабының фланеці, жүк көлігіне арналған Газ-53	Дана	1	11 925.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (1)	0	11 925.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алты қырлы басты бұранда	болат, диаметр 10 мм, сомынмен	Алты қырлы басты болат бұранда диаметр 10 мм, сомынмен	Дана	4	1 620.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (4)	0	6 480.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Трамблер түйіспесі	жеңіл автомобиль үшін	Газельге арналған трамблер түйіспесі	Комплект	1	27 250.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (1)	0	27 250.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Жүгіргіш	жүк автомобилі үшін	Бегунок жүк автомобилі Зил 130 үшін	Дана	5	970.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (5)	0	4 850.00



Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Автомобильдік шам	галогендік, цоколь типі Н7	Автомобильдік шам, галогендік, цоколь типі Н7	Дана	10	750.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (10)	0	7 500.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тежеуіш	жүк автомобилі үшін	Газ 53 үшін қол тежегіші, қақпағы, барабаны, төсемі бар	Комплект	1	32 250.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (1)	0	32 250.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Арматуралық болат	арматуралық болаттың класы Ас-II (Ас300)	Арматуралық болат 16 дм	Метр	60	750.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (60)	0	45 000.00
Алматы қаласы Білім басқармасының "Алматы автомеханика колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Дәнекерлеу электроды	металлдан жасалған, балқитын, жамылғымен	Дәнекерлеу электроды	Килограмм	250	698.00	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	келісім шартқа қол қойылғаннан соң 15 күн ішінде	Алматы қ., Жетісу ауданы Қазыбаева 270 (250)	0	174 500.00



## Договор о государственных закупках товаров

г.Алматы

№107

Коммунальное государственное казенное предприятие "Алматинский автомеханический колледж" Управления образования города Алматы, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Рахманов Темирбек Ануарбекович, действующий на основании Устав, с одной стороны и ИП "Бопежанова", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Бопежанова Алданыш Калыевна, действующий на основании Талон № KZ7TWQ00397205, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп.42 п.3 ст.39 приобретения однородных товаров, если годовой объем таких однородных товаров в стоимостном выражении не превышает стократного размера месячного расчетного показателя, работ и услуг, если годовой объем таких однородных работ и услуг в стоимостном выражении не превышает пятисоткратного размера месячного расчетного показателя, а для аппаратов акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов не превышает трех тысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете; Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

